



«Бекітемін»

№67 гимназия директоры  
Г. Абдраманова  
бүйрек №101 от «04» 09 2020ж.

**Нұр-Султан қаласы әкімдігінің №67 гимназия шаруашылық  
жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны  
(ұйымның атауы)  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты**

### 1. Жалпы ереже

1. Осы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан *әрі - Министрлік*) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 10 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленген және ұсынымдық сипатқа ие.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеуші №67 гимназия (құрылымдық белгімше) болып табылады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласына арналған ұсынымдар жүйесін орнатуға бағытталған.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу міндеттері:

1) қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласында жұмыс істейтін адамдардың нақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінездүлкін қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақытылы анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу болып табылады.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидаттары:

1) занылышы;

2) ашықтық;

3) әдептілік;

4) жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мұдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) мұдделер қактығысын болдырмау болып табылады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт жемқорлыққа қарсы мінездүлкін қалыпты сақтауга және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласында жұмыс істейтін адамдарга арналған ұсынымдарды анықтайды.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізіне сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу көзқарасы түргысынан:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қамтиттын салада жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мұдделерін іске асыру;

- 2) өз күзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау;
- 3) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің жобасын дайындау;
- 4) тиісті тіршілік әрекеті саласының ерекшелігіне байланысты өзге де қоғамдық манызы бар қарым-қатынас кезінде лауазымдық міндеттерді орындау бойынша тікелей іс-әрекеттер алынған.

## **2. Қоғамдық катынастардың ерекшеленген саласында жұмыс істейтін адамдардың мінез-құлық (іс-әрекеттері) стандарттары (ұсынымдары)**

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қамтитын тиісті салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мұдделерін іске асыру кезінде:

- 1) Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді;
  - 2) Қазақстан халқының бірлігі мен еліміздің ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал ету, мемлекеттік және басқа де тілдерді, Қазақстан халқының салт-дәстүрлерін күрметтеу;
  - 3) жеке тұлғалармен, заңды тұлғалар өкілдерімен және әріптестермен қарым-қатынас жасауда адал, әділ, қарапайым болу, көпшілік макулдаған моральдық-әдептілік нормаларын сақтау, сыйайылық және биязылық таныту;
  - 4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мұдделерін қозғайтын қабылданған шешімнің айқындылығын қамтамасыз ету;
  - 5) өз әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сынға ұшырауға, сынның артына түспеуге жол бермеу, өз әрекетінің кемшіліктерін жою және жаксарту үшін конструктивті сынды қолдану;
  - 6) жеке басының мәселесін шешу барысында мемлекеттік органдар, үйлімдар, мемлекеттік қызмет және басқа адамдардың әрекеттеріне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;
  - 7) шындыққа сәйкес емес мәліметтерді таратпау;
  - 8) заң бойынша тәртіппік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік кездеген қылқытар мен өзге де заң бұзушылықтар жасауга жол бермеу;
  - 9) мемлекеттік органдың еңбек заңнамасы мен мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы орындауды қамтамасыз ету, еңбек тәртібі мен шарттарын сақтауды, сондай-ақ мемлекеттік қызметте болуга байланысты шектеулерді қамтамасыз ету.
9. Мемлекеттік қызметті және басқа да рұқсат беру қызметтерін көрсету кезінде:
- 1) тұракты негізде мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша шаралар қабылдау;
  - 2) колжетімді түрде қызмет алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық және шынайы акпарат ұсыну;

3) карастырылмаған құжаттарды суратып алуға жол бермеу, мемлекеттік қызмет пен басқа да рұксат беру функцияларын көрсету барысында әртүрлі әуре-сарсаңнан (салғырттықтан) аулақ болу;

4) сыйбайлас жемқорлық сипатындағы заң бұзушылыққа итермелесу кезінде басшылыққа жеткізу;

5) мемлекеттік қызмет көрсету кезінде үнемділік пен тиімділік танытып, мемлекеттік қызмет көрсету процесін үнемі жетілдіруді қамтамасыз ету.

10. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды іске асыру кезінде мыналар ұсынылады:

1) мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын акпалаі қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсасу;

2) Занда көзделген жағдайларды қоспағанда мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне катысу үшін әлеуетті жеткізушілерге тән мүмкіндіктер ұсыну;

3) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету;

4) сыйбайлас жемқорлық белгілеріне жол бермеу;

5) аткаруышлық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Бірыңғай борышкерлер тізліміне қосылған әлеуетті жеткізуші және (немесе) оларға тартылатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде катысушыға жол бермеу.

11. Өз құзыреті шенберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау мен қабылдау кезінде:

1) қызметтік міндеттерді орындау кезінде мүдделер қактығысының, жеке бас мүлдесінің туындағаны туралы, сыйбайлас жемқорлық әрекетіне және сыйлық алу итермелесу туралы тікелей немесе өз басшысына жеткізу;

2) жеке басының мәселесін шешу барысында мемлекеттік органдардың, үйимдардың, мемлекеттік қызметшілердің және басқа да адамдардың әрекеттеріне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

3) әрштестерге, басшыларға және өзге де лауазымды тұлғаларға сыйлық жасамау және мүлкітік пайда немесе артықшылық пайда алу үшін қызметтік өкілеттілікті пайдалана отырып қызметтік емес қызмет көрсетпеу;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға, сыйбайлас жемқорлық сипатындағы заң бұзушылықты аптуға белсенділік таныту;

5) сыйбайлас жемқорлық фактілері белгілі болғаны туралы, сондай-ақ қандай да бір материалдарды қарауды жылдамдатқаны үшін пайда көруге итермелеген немесе әуре-сарсаңға салғаны туралы басшылыққа жеткізу;

6) аткару үшін алынған екімнің заңдылығына құманданған жағдайда бұл туралы тікелей басшыға жазбаша хабарлау;

7) егер мүдделер қактығысына тікелей басшының өзі қатысты болса, жогары тұрған басшыға жүтіну;

8) табыс табуға байланысты қасіпкерлік және өзге де әрекеттерді іске асыруда біреуге көмектесуден бас тарту.

12. Нормативтік құқықтық актілерді дайындау кезінде:

1) нормативтік құқықтық актілер жобасын дайындау мен талқылауда коғамның, бүкіл ақпараттық күралдардың міндетті түрде қатысуын қамтамасыз ету;

2) ұйымның курылымдық бөлімшелерімен тұркты негізде құқықтық актілер мониторингі мен тиісті есептер дайындауды үйлестіруді қамтамасыз ету;

3) әзірленген нормативтік құқықтық актілер жобаларын мүдделі мемлекеттік органдармен келісуге жіберуге дейін көпшілікпен талқылау үшін ашық нормативтік құқықтық актілерді интернет-порталға орналастыру;

4) сыйбайлас жемқорлық факторлары немесе олардың белгілері бар нормативтік құқықтық актілер нормаларын пайдаланбау.

13. Қызыметшілерін/жұмыскерлерін таңдау мен орналастыру бойынша кадр жұмысын үйлемдастыру кезінде:

1) тағайындау материалдарын қараудың белгіленген мерзімін сақтау;

2) ұйымға қызметке/жұмысқа қабылдау кезінде лауазымды тұлғаларға жүктелетін негізі міндеттерді, тыымдар мен шектеулерді түсіндіру;

3) кадрларды іріктеу барысында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау;

4) мемлекеттік қызметкерлердің жеке деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеу;

5) қызметке/жұмысқа үміткерден еңбек шартын жасауға қатысы жок құжаттарды талап етпеу;

6) жұмыскерлеріне қатысты қызыметтік тексеруді әділ және жан-жақты жүргізу.

14. Тіршілік әрекеті саласына байланысты пайда болған басқа да өзара қатынас барысында:

1) бағынышты лауазымды тұлғалардың міндеттері мен қызыметтік өкілеттігінің көлемін нақты және анық белгілеу;

2) бағыныштағы лауазымды тұлғалардың арасындағы еңбек жүктемесін біркелкі бөлмеуге жол бермеу;

3) олардың әрекеттерінің нәтижелерін бағалау барысында, сондай-ақ мадақтау және жаза қолдану кезінде шындық және әділдік таныту,

4) бағынышты жұмыскерді орынсыз айыптауға, дөрекілік факторларына, адамыңын ар-намысина тиоюіне, жонсіздікке, дөрекі мінез-құлыққа жол бермеу;

5) олардың лауазымдық міндеттерінен тыс немесе орындалмайтын, сондай-ақ заңға қайшы тапсырма бермеу;

6) қызыметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу барысында бағыныштылардың әрекеттеріне зер ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

7) бағыныштыларды сыйбайлас жемқорлық заң бұзушылық жасауға итермелемеу;

8) өз лауазымдық міндеттерін орындау барысында әріптестерде туындаған мүдделер қақтығысын реттеу бойынша түбекейлі шараларды өз уақытында қабылдау;

9) мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, автокеілік құралдарын қоса алғанда, мүлікті қызыметтік мақсатта ұтымды, тиімді пайдалану.